

**«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы»  
КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау  
нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**

Арқалық қ.

2021 жылғы 6 мамыр

«Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ – нің (бұдан әрі – кітапхана) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді, Нұр-сұлтан, 2021 ж.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі:**  
Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы «Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ басшысының 2021 жылғы 27 сәуірдегі бұйрығы (бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі).

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі:**  
2021 жылдың 5 сәуірінен 6 мамырына дейін.

**Кітапхана қызметінің талданатын кезеңі:**  
2019-2020 жж.

Талдау нәтижелері бойынша мыналар анықталды.

**1. Бағыт бойынша: кітапхана қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 «Мәдениет туралы» Заңын, Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 қазандағы № 438 қаулысымен бекітілген Ережені, мекеменің ішкі нормативтік құжаттарын(жұмыс жоспарын) және басқа да құжаттарды басшылыққа алады.

Әкімдіктің 2013 жылғы 12 қазандағы № 438 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес (Ереженің көшірмесі қоса беріледі) кітапхана қызметінің мәні жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға берілетін баспа және қолжазба құжаттарының, графикалық, аудиовизуалды материалдардың, электрондық жеткізгіштердегі құжаттардың қорларынан ақпараттық, мәдени, білім беру функцияларын орындау болып табылады.

Кітапхана қызметінің мақсаты тұлғаның үйлесімді дамуына және қоғамда тең мүмкіндіктердің қалыптасуына ықпал ететін ақпаратқа қол жеткізу және кітапханалық қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз ету.

Қойылған мақсатқа жету үшін кітапхана келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) кітапхана қорының дәстүрлі тәртібінде (каталогтар мен картотека жүйесі), сондай-ақ заманауи автоматтандырылған ақпараттық технологияны қолданумен ақпараттық – іздеу аппаратын жасайды;
- 2) түрлі үлгіде ақпаратқа ерікті қолжетімділікті қамтамасыз етеді, өлкенің мәдениет құндылықтарына қатыстырады, сондай –ақ өңір кітапханаларымен өз ара әрекет жасайды;
- 3) өлкетану тақырыбындағы библиографиялық құралдарды дайындайды және таратады;
- 4) кітапхананы жүргізу және библиография саласында ғылыми-зерттеу қызметін зерделейді және жинақтайды және кітапханаларға әдістемелік көмекті жүзеге асырады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы қызметтер көрсетеді.

Өндірістік-шығармашылық қызмет Қостанай облысы әкімдігі Мәдениет басқармасының басшысы бекіткен Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Жоспардың құрылымы 11 бөлімнен тұрады: кітапхана жұмысының негізгі міндеттері мен бағыттары, қызметтің негізгі сандық көрсеткіштері, ақпараттық ресурстар, ақпараттық-библиографиялық қызмет, ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту, мәдени-бұқаралық қызмет, кітапхананың жобалау қызметі, әдістемелік менеджмент, кітапханалық маркетинг, кадрлық ресурстар, әкімшілік-шаруашылық қызмет. Жыл бойы жұмыс мәдениет басқармасына электронды форматта ұсынылатын ай сайынғы жоспарларда нақтыланады. 2019, 2020 жылдарға бекітілген жұмыс жоспарлары ұсынылды. Кітапхананың әрбір құрылымдық бөлімшесінде кітапхана басшысы бекіткен бір жылға арналған жұмыс жоспары бар. Қызмет көрсету бөлімдерінде кітапханалық құжаттаманың жүргізілуіне тексеру жүргізілді, оның облыстық кітапхананың жұмыс техникасының талаптарына сәйкес жүргізілетіні анықталды.

Сонымен қатар, 2020 жылы Қостанай облысының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты жылдық жұмыс жоспарына түзетулер енгізілді. Іс-шараларды өткізу форматы (online) және өткізу мерзімі өзгертілді.

Кітапхананың мәдени-бұқаралық қызметі сайтта орналастырылған материалдарда жарияланады <http://arkalyk-ounb2.kz/>, кітапхананың әлеуметтік желілерінде (Instagram: ark.avt; Facebook <https://www.facebook.com/profile.php?id=100028660081304>; VK: <https://vk.com/public159936194>) БАҚ та.

Кітапхана қызметін қозғайтын нормативтік құжаттарды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

## **2. Кітапхананың ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша**

Кітапхананың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде зерттеу кезеңінде қызметтің келесі бағыттары талданды.

### **1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы**

#### **Штат саны**

Штаттық кесте Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының басшысымен 2019 жылғы 1 қаңтарға бекітілген саны 48,5 бірлік (*оның ішінде басшы – 1 бірлік, басшының кітапхана жұмысы жөніндегі орынбасары – 1 бірлік, бухгалтерия – 2 бірлік, толықтыру, әдебиетті өңдеу, каталогтар мен кітап сақтауды ұйымдастыру бөлімі - 4 бірлік, абонемент бөлімі – 4 бірлік, өнер туралы әдебиет секторы – 3 бірлік, оқу залы бөлімі – 4 бірлік, балалар әдебиеті бөлімі – 6 бірлік, әдістемелік-библиографиялық бөлім – 3,5 бірлік, есепке алу, бақылау және тіркеу секторы – 2 бірлік, ақпараттық-сервистік қызмет көрсету секторы – 4 бірлік, техникалық персонал-14 бірлік*) (штат кестесінің көшірмесі қоса беріледі).

Штаттық кесте Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының басшысымен 2019 жылғы 1 сәуірге бекітілген саны 48,5 бірлік (*оның ішінде басшы – 1 бірлік, басшының кітапхана жұмысы жөніндегі орынбасары – 1 бірлік, бухгалтерия – 2 бірлік, толықтыру, әдебиетті өңдеу, каталогтар мен кітап сақтауды ұйымдастыру бөлімі - 4 бірлік, абонемент бөлімі – 4 бірлік, өнер туралы әдебиет секторы – 3 бірлік, оқу залы бөлімі – 4 бірлік, балалар әдебиеті бөлімі – 6 бірлік, әдістемелік-библиографиялық бөлім – 3,5 бірлік, есепке алу, бақылау және тіркеу секторы – 2 бірлік, ақпараттық-сервистік қызмет көрсету секторы – 4 бірлік, техникалық персонал-14 бірлік*) (штат кестесінің көшірмесі қоса беріледі).

Штаттық кесте Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының басшысымен 2020 жылғы 1 қаңтарға бекітілген саны 48,5 бірлік (*оның ішінде басшы – 1 бірлік, басшының кітапхана жұмысы жөніндегі орынбасары – 1 бірлік, бухгалтерия – 2 бірлік, толықтыру, әдебиетті өңдеу, каталогтар мен кітап сақтауды ұйымдастыру бөлімі - 4 бірлік, абонемент бөлімі – 4 бірлік, өнер туралы әдебиет секторы – 3 бірлік, оқу залы бөлімі – 4 бірлік, балалар әдебиеті бөлімі – 6 бірлік, әдістемелік-библиографиялық бөлім – 3,5 бірлік, есепке алу, бақылау және тіркеу секторы – 2 бірлік, ақпараттық-сервистік қызмет көрсету секторы – 4 бірлік, техникалық персонал-14 бірлік*) (штат кестесінің көшірмесі қоса беріледі).

2021 жылғы 6 мамырдағы жағдайы бойынша **кітапхана қызметкерлерінің нақты саны 50 адамды құрайды.**

Бос лауазымдар-жоқ.

2019 жылы **кадрлардың ауысуы:** жұмыстан шығарылғандар – 8, қабылданғандар – 5, оның ішінде уақытша -2, аудару – 0, ауыстыру -4.

2020 жылға: жұмыстан шығарылғандар -8, қабылданғандар -12, оның ішінде уақытша - 5, аудару – 0, ауыстыру – 3 (*талданып отырған кезеңде жеке құрам бойынша бұйрықтардың көшірмелері қоса беріледі*).

**Бос лауазымдарға орналасу үшін өткізілген конкурстар.** Талданып отырған кезеңде бос лауазымдарға орналасуға конкурстық рәсімдер өткізілген жоқ.

**Тәртіптік жаза қолдану.** 2019 ж. – 3 жаза, 2020 ж. - 0 жаза:  
2019 жылғы 3 шілдедегі № 16-к Бұйрығымен бас бухгалтердің м.а. Л. М. Какимжанова., 2019 жылғы 11 қыркүйектегі № 34-к бұйрығымен бухгалтер-экономист А. Б. Юсупова., 2019 жылғы 25 қазандағы № 41-к бұйрығымен басшының орынбасары Р. Ж. Жанғалиева жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін ескерту түрінде тәртіптік жазалар қолданды *(бұйрықтың көшірмесі қоса берілді).*

**Персоналды басқару бағыты бойынша:**

- бос орын, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпаратты [epbek.kz](http://epbek.kz) сайтында орналастырмау;

Осы бағыттың басқа тармақтары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша:**

- Жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты басшының, басшы орынбасарының және бас бухгалтердің бос лауазымдарына орналасу кезінде бұзушылықтар фактілері анықталған жоқ *(басшының, басшы орынбасарының және бас бухгалтердің жақын туыстары мен әсекәжаттары туралы ақпарат қоса беріледі).*

Талданып отырған кезеңде мекеме қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер анықталған жоқ.

Ішкі талдау жүргізу барысында осы салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Мемлекеттік қызмет көрсету бағыты бойынша:**

- Ережеге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету кітапхана құзыретіне кірмейді.

**Рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша:**

- Ережеге сәйкес рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру кітапхана құзыретіне кірмейді.

**Бақылау функцияларын іске асыру бағыты бойынша:**

- Ережеге сәйкес бақылау функцияларын жүзеге асыру кітапхана құзыретіне кірмейді.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша:**

2019-2020 жылдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарлы және жүйелі түрде кітапхананың қызмет көрсету бөлімдерімен өткізілді.

2021 жылдың 18 ақпанында кітапхана қабырғасында «Парасат жолы» орталығы ашылып, келесі міндеттер қойылды: азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, парасаттылық идеологиясын ілгерілету, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парасаттылық құндылықтарын кеңінен насихаттау.

Кітапхана қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізілді.

Анықталды:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, кітапхананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қолданыстағы талаптары туралы кітапхана қызметкерлерінің білімін тексеру бойынша іс-шараларды өткізбеу.

Осы бағыттың басқа тармақтары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ

**Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша:**

- 2019 жылдың I жартыжылдығында бюджет және қаржы қаражатын жоспарлау және бөлу рәсімдеріне мониторинг жүргізу, ішкі бақылау тетіктерінің нашар пысықталуы.

Осы бағыттың басқа тармақтары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Салықтарды және өзге де төлемдерді жинау бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Қалған: анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу**


**Ұсынымдар:**

«Арқалық қаласындағы №2 Облыстық ғылыми кітапхана»/ КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша:

- бос орынның болуы (бос орын болған жағдайда), біліктілік талаптары (тұрақты), қажетті құжаттар тізбесі (тұрақты) туралы ақпаратты [enbek.kz](http://enbek.kz) сайтында орналастыру
- кітапхана қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізуді бақылауға алу (тұрақты), кітапхана қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қолданыстағы талаптары туралы қолданыстағы білім талаптары туралы білімін тексеру жөніндегі іс-шараларды жоспарлы және жүйелі түрде жүргізу (тұрақты);

- бюджет және қаржы қаражатын жоспарлау және бөлу рәсімдеріне мониторинг жүргізу, ішкі бақылау тетіктерінің әлсіз пысықталуына жол бермеу (тұрақты).

Жұмыс комиссиясының мүшелері:

Балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы:  С.Алматова

Бас бухгалтер:  А.Габдуллина

Хатшы:  Г.Уразмагамбетова